

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

компонентами, нуждается в серьезной координации и регулировании со стороны государства.

Литература:

1. Дурович А. П., Копанев А. С. Маркетинг в туризме: Учеб. пособие /Под общей ред. З. М. Горбылевой.—Мн.: Экономпресс, 1998.—400 с.
2. Галасюк С.С. Научные исследования в сфере туризма: труды Международной туристской Академии.- 2010. - Вып.6. - С.189-204.
3. Кусков А.С., Джаладян Ю.А. Основы туризма.-М.: КноРус, 2013.- 400 с.
4. Сайт Всемирной Туристской Организации [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www2.unwto.org/>
5. Чудновский А.Д. Управление индустрией туризма / Чудновский А.Д., Жукова М.А., Сенин В.С. - М.: КНОРУС, 2005. – 448 с.
6. Официальный сайт для туризма во Франции [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.rendezvousenfrance.com>
7. Информационный веб-сайт [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.spain.com.ua/ru>
8. Официальный сайт британской ассоциации АВТА [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://abta.com/news-and-views/policy-zone/more/tourism-mix>
9. Сайт ENIT [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.enit.it/>
10. Сайт по продвижению бренда США [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.thebrandusa.com>
11. Мальцева О.В., Бовтун В.С. Уровень развития туризма и отдыха в Альпийском регионе // Социальная культура. Сервис и туризм: управление, история, опыт и проблемы развития. - Барнаул: Изд-во АлтГТУ, 2000.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК ТУРИЗМНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Трушева Ш.А., Сыздықбаева Б.Ұ.

Л.Н. Гумилев атындағы Евразияұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail:sharafat.trusheva.80@mail.ru

Кез келген елдің ұлттық экономикасының дамуында іскерлік туризм маңызды рөл атқарады, ол ел экономикасының әлемдік нарыққа шоғырлануына белсенді ат салысады және саяхат түрлерінің ішіндегі ең жоғарғы табысты және болашағы бар туризм түрі, ол жоғарғы, тұрақты өсіммен және экономикалық, саяси, климаттық, ауа-райлық және басқа факторлардың әсеріне тұрақтылықпен төтеп берумен сипатталады.

Қазақстан Республикасында іскерлік туризмнің дамуының қазіргі жағдайы оның белгілі тұрақты даму тенденциясын көрсетеді. Соңғы жылдары бизнес туризм әлемдік туриндустрияның ең жоғарғы табысты салаларының біріне айналуда. 2020 жылға дейін әлемде іскерлік сапарлар көлемі 3 есе өседі деп болжануда – жылына 564 млн. АҚШ доллардан 1,6 млрд – қа дейін, ал сала бойынша кіріс жалпы 5 есеге өседі – 399 млрд. АҚШ долларынан 2 трлн. АҚШ долларына дейін. Бірақ, бүгінгі күні Қазақстан Республикасының іскерлік туризмі сегментінде белгілі проблемалар мен қатерлер сақталуда, оны SWOT-анализ әдісі көмегімен талдайық.

Жүргізілген зерттеу Қазақстандағы және Орталық Азияда іскерлік туризмнің нашар дамуының басты проблемасы болып, іскерлік туризм туралы жалпыға міндетті түсініктің және осы бағыт бойынша компаниялардың саясаты мен кадрлардың болмауын көрсетті.

Екінші жағы көптеген жергілікті турагенттіктер, отельдер және басқада жеткізушілер жергілікті және шетел бизнесмендеріне сапалы өнім ұсына алмауы немесе өндіріп шығармауы.

Үшінші себеп, туристік инфрақұрылым жағынан ұсынылатын қызмет, отель және (ауежолжиегі) авиалиния құны, дамыған шет елдерге қарағанда Қазақстанда көп есе жоғары. Отельдердің, әуе тасымалының және туристік қызметтердің қымбаттығы және сапалы сервистің жоқтығы жалпы туризмнің дамуына, іскерлік туризмге кері әсерін тигізеді.

Іскерлік туризмнің баяу дамуының төртінші себебі Қазақстандық компаниялар европалық немесе американдық сауда-экономикалық байланыстарға әлсіз шоғырландырылуы. Қазақстандық компаниялар көбінесе көрші Ресейлік немесе Қытай компанияларымен ғана бірлесе жұмыс жасайды. Осының себебінен біздің аймақта саяхаттайтын шетел бизнесмендерінің пайызы төмен деңгейде [1].

Қазақстандағы жалпы іскерлік туризмнің жағдайы мен маңызды проблемаларына тоқталайық:

1) келу туризмін дамыту үшін қажетті аймақтардың оңтайлы имиджін қалыптастыратын PR-қызметті сауатты қолданысының жоқтығы. Бизнес туризмде кәсіби имиджелогия қажет. Ең кілтті проблемалардың бірі бизнесмендердің кросс-мәдениеттік құзыреттілігі және PR-қызметкерлері енетін бизне-туризмдегі кәсібилілік оның ішіне олардың ұлттық және тілдік айырмашылықты білуі, әр түрлі мәдениет өкілдерімен келіс сөз жүргізе алуы. Бүгінгі аласапыран уақытта бизнестегі табыс сыртқы факторларға ғана тәуелді емес (экономика, саясат және т.б), адамдардың мәдени айырмашылығын түсінуге де тәуелді;

2) мақсатты түрде, нақты бір мамандық иесі кәсіби кадрлар даярлаудың мемлекеттік және ведомство аралық деңгейлерде ойластырылуының болмауы. Біздің туризм бойынша мамандандырылған институттар бұрынғысынша кең профильді мамандық иелерін даярлауға бейім. Батыс елдерінде кәсіпкерлермен жұмыс істеуде, бизнес-туризмнің өзіне тән ерекшелігі бар екенін әлде қайда бұрын түсінген, ол кәсіби консалтинг және менеджмент. Осы салада іскерлік сапарлардың ұйымдастырылу әдісін жақсы білумен қатар бизнестің жүргізілу ерекшелігін білетін және бизнес саяхаттың қажеттілігін түсінетін, іскерлік шараларды ұйымдастыру ерекшеліктерін, хаттама және басқа да көп жағдайларды білетін ерекше кәсіби маман иелері жұмыс атқару керек;

3) іскерлік туризм индустриясындағы өткізіліп жатқан халықаралық көрмелерге қатысуға қажетті деңгейдегі көңілдің бөлінбеуі. Көрме – бизнестің ілгерлеуіне септігін тигізетін құрал болып табылады. Қазақстанда мемлекеттік саясат және кәсіпкерлік тарапынан іскерлік туризм көрмелерінің рөлін бағаламау жаппай белең алған;

4) шет мемлекет азаматтарына бүгінде орнатылған қазақстандық виза беру тәртібінің миграциялық тұрғыда қауіпсіздігі келу туризмнің өсіміне септігін тигізбейді;

5) мейманханаларда орналастыру сапасы мен бағасының сәйкессіздігі.

Осы аталған факторлардың әр қайсысына жеке тоқталып, Қазақстандағы сала дамуын тежейтін қандай фактор және қалай әсерін тигізетіндігін сипаттайық.

Кесте 1

ҚР іскерлік туризмнің күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қауіптерін талдау

<i>Күшті жақтары</i>	<i>Әлсіз жақтары</i>
Туризмнің көмекші есептерін енгізу, ол туризмнің экономикаға нақты салымын бағалауға мүмкіндік береді; Туристік индустрия инфрақұрылымының болуы; Туристік саланың дамуы үшін заңдық және нормативті –құқықтық негіздің болуы; Халықаралық нарықта бизнес-туризмге жоғарғы қызығушылық; Кадрлық ресурстармен қамтылуы; Оңтайлы географиялық орналасу; Шетел компаниялары үшін нарықтың тартымдылығы.	Инфрақұрылымның халықаралық талаптарға сай келмеуі; Инвесторларға преференция және салықтық жеңілдіктердің, дотация тетіктерінің жоқтығы; Қазақстанда бизнес туризмге деген тәсілдер мен мемлекеттік саясат қалыптаспаған; Кадрларды даярлау бағдарламалары нарық сұранысына жауап бермейді.

<i>Мүмкіндіктер</i>	<i>Қатерлер</i>
Жаңа жұмыс орындарын ашу; Халықаралық туристік қызмет нарығында Қазақстанның жоғарғы деңгейде танылуы, ол өз алдына бюджетке табыс және инвестиция легін қамтамасыз етеді; Ұлттық турөнім жасау: Кіру және шығу туризмі бойынша туристік лектің көбеюі.	Туристік лек көлемінің төмендеуі: Инвестициялық белсенділіктің төменгі деңгейі: Туризм үшін қолайсыз ел бейнесі қалыптасып қалуы және Қазақстанның инвестициялық тартымдылығының төмендеуі.
Ескерту – авторлармен құрастырылды	

Туристік бизнестегі ең басты шектеуші факторлардың бірі болып туризм индустриясының материалды база мүмкіншілігінің төмен болуы. Шет ел туристеріне сапасыз туристік өнімді ұсынудың негізгі себебі облыс орталықтарында, сәйкес кластағы мейманханалардың болмауы, жұмыс жасап жатқан мейманхана базаларының 80% ескірген, өйткені мейманханалардың көпшілігі өткен жүз жылдықтың 60-шы жылдары салынған. 90 жылдардың басынан бастап орта есеппен 600 мейманханаға дейін жабылды және 2000 жылдың басынан мейманханалардың жалпы саны 300-ді құрады, 2003жылдың басында барлық мейманхана санынан мемлекеттік иелікте 7,3% болды. Жеке меншікте 85,8% болды және 6,9% мөлшеріндегі мейманхана шет ел азаматтарына тиесілі болды. Республика бойынша барлық мейманханалардың қомақты бөлігі қалалық жерлерде орналасқан ол 94%-ды құрайды, ал қалған 6% ауылдық жерлерде орналасқан. Осы көрсеткіш ауылдық жерлердің дамымағанын сипаттайды. Туристер үшін ең тартымды мейманханалар Алматыда орналасқан (50,7%), Атырау облысында (13,7%), Астанада (8,1%), Қостанай облысында (6,9%) және Батыс-Қазақстан облысында (5,4%). Бөлмелердің орташа сымдылығы 2 адам, яғни осы көрсеткіштер арқылы мейманханалар сапалы қызмет көрсете алатынын байқаймыз [2].

Стандартты түрде жабдықталған қазақстандық орташа мейманхана номері екі бөлмеден тұрады, ванна туалетімен, екі бір адамдық жатын орын, теледидар, тумба, журнал үстелі және киім сөресі. Әрине, мейманхананың жоғарғы комфортты номерлерінде жұмсақ диван, телефон, интернет, тоңазытқыш, мини-бар және қонақ бөлмесі, кабинет және жатын бөлме бар. Мұндай бөлмелер де бар, бірақ көп емес, болса да өте қымбат. Елдегі мейманханалардың көбі стандартты жабдықталған номерлерге қанағаттанатын қазақстандық туристерге арналған.

Орналастыру жүйесімен бірге ел ішінде көп турларды қамтамасыз ететін транспорт жағдайы да жетілдіруді қажетсінеді. Туристердің көпшілігіне қалааралық автобустармен қатынасу ұсынылады, олар әрине көбіне комфортабельді болмайды. Автокөліктік база кәсіпорынында комфортабельді автобустар болса да, оның басым бөлігі жаңа емес, көп жылғы қолданыстан кейін шет елден әкелінген. Осының негізінде де автобус парктерінің қолдануға жарамдылық сәйкестігі туралы қорытынды жасауға болады.

Егер тұрды транспорттық қамтамасыздау темір жол көлігінің көмегімен қанағаттандырылса, онда бұнда да кемшіліктер бар:

- республика бойынша көп поездар 20 жылдан астам уақыт қолданыста;
- Алматыдан «шоп-туристтер» әр жақтарға ағылады, оның өзі (сансыз сөмке, түйіншек-бума) көптеген ыңғайсыз жағдайлар тудырады;
- поездегі қызмет көрсету персоналдарының дайындық деңгейі еуропалық стандарттан әлде қайда артта қалған;
- қазіргі вагондардың жағдайы жол жүру кезінде поездарда өзін комфортты сезінуге мүмкіндік бермейді, бұл өз алдына темір жол көлігімен жүретін туристер санын қысқартады [3].

Бірақ, осы кемшіліктерге қарамастан қазақстандық туристтер, шет елден келуші туристер де көбінесе көліктің автобус түрімен саяхаттаудан гөрі темір жол көлігімен саяхаттауды қалайды. Мысалы, шет ел туристері көбінесе әуе көлігінің қызметіне жүгінеді,

жалпы шетел туристері санының – 94,7%-ы. Темір жол көлігін – 3,3% көлеміндегі туристер қалайды. Автобуспен 0,4% мөлшеріндегі туристер саяхаттайды, ал қалған 1,6% туристер саяхат үшін басқа құрлықтағы көліктерді қолдануды ұйғарады. Қазақстандық туристерге қатысты, бірінші орында әуе көлігі тұр (74,4%), одан кейін қалааралық автобустар (14,8%), үшінші орында темір жол көлігі (9,9%), ең соңғы орында басқа құрылықтағы көліктер (0,9%). Негізгі темір жол тасымалдаушысы – АҚ ҰК «Қазақстан темір жолы» 14 бағыт бойынша жолаушылар тасымалын атқарады [4].

Егер әуе көлігі бойынша сөз қозғайтын болсақ, елдің туристік саласы инфрақұрлымын құрайтын жолаушы тасымалының осы түрі ғана сәйкес деңгейде. Бүгінде республиканың халықаралық әуе жол жиегі Германияға, Индияға, БАӘ, Турцияға, Италияға, Корея Республикасына, Венгрияға, Израильге, Қытайға, Тайландқа ұшуды жүргізіп отыр. Негізгі әуе тасымалдаушы – ол «Эйр Астана». Республикадағы әуе көліктерін тиісті деңгейде ұстау шетел туристері үшін елдің тартымдылығын арттыратыны белгілі.

Бүгінде республикаға алты алыс шетел әуе компанияларының ұшуы жүйелі түрде орындалады. («KLM», «Lufthansa», «British Airlines», «Asiana Air Arabia», «China South Airlines», «Turkish Airlines»). Ұлттық әуе тасымалдаушы «Эйр Астана» Турцияға, Германияға, Қытайға, Оңтүстік Кореяға, Таиландқа, Ұлыбританияға, Индияға, БАӘ, Нидерландыға жүйелі түрде рейстер жасайды. Қазақстанның үлкен географиялық территориясына байланысты әуе көлігінің маңызы өте зор және баламасы жоқ болып табылады. Қазақстанда 22 ірі әуежолы, оның 15 халықаралық қызмет көрсетеді. Сала үшін аса маңызды болып Еуропа мен Азия арасындағы жолаушы әуе тасымалдау транзиті табылады.

Соңғы ірі инвестициялық жобалар:

- Астана қаласында жаңа әуежол кешен құрлысы;
- Атырау қаласында әуежолда жаңа ұшу-қону жолағының құрлысы;
- Алматы әуежолында заманауи жолаушы терминалы құрлысы;
- Ақтөбедегі әуежолда ұшу-қону жолағын қайта жөндеуден өткізу;
- Ақтаудағы әуежолда ұшу-қону жолағын қайта жөндеуден өткізу;
- Ақтау Халықаралық әуежолындағы заманауи жолаушы терминалының құрлысы.

Қазақстанда әуежолдық алымдар және әуе билеттер бағасы (Ресеймен, Батыс Еуропамен салыстырғанда) айтарлықтай жоғары, ол әрине елдегі әуе көлігінің дамуына кері әсерін тигізбей қоймайды. 2013 жылы 7,5 млн. жолаушы тасымалданды [5].

Қазақстанда іскерлік туризмнің дамуының нақты алғышарттары бар, үрдіс республикадағы туризм инфрақұрлымының дамымауынан тежелуде. Инфрақұрылымдық мәселелерді тиімді шешу Қазақстандағы туризмнің дамуы Тұжырымдамасын жүзеге асыруға мүмкіндік береді, тұжырымдамаға сәйкес 2020 жылға дейін ІЖӨ құрамындағы салымы 2,4 тен 7 млрд АҚШ долларына дейін, ал туризмдегі жұмысбастылық – 270 мың адам мөлшерін құрайды деп болжанған.

Әдебиеттер:

1. Деловой Казахстан: ежегодник /Под ред. Г. Вачнадзе. – М.: Статистика, 2014. – 328 с.
2. Horwath International Worldwide Hotel Industry Study, 2012.
3. Саммит ОБСЕ в Казахстане [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://www.zhensovet.kz/content/sammit-osce-kazakhstan>
4. Саммит ОБСЕ в Астане: переговоры были драматическими [Электронный ресурс] // Новости Армении. — Режим доступа: <http://news.am/rus/news/40292.html>
5. International associations anticipate strong meetings growth in 2014 [Электронный ресурс] / ICCA. – 2013. – Режим доступа: <http://www.iccaworld.org/npps/presscentre.cfm>